

P00054

09.12.2020

**Физика пәнінде жаңартылған білім мазмұны
бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру**

БАЙНИЯЗОВА ГУЛЖАНАТ АМИРЖАНОВНА

*Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі
Физика пәні мұғалімі*

Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты: жан - жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игерудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет. Білім алуда сенімді, өзіне есеп бере алатын тұлға қалыптастыру үшін оқушылармен кері байланыс орнатудың маңыздылығы мен қажеттілігі туындап отыр.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша физика пәнін оқытуда оңтайлы өзгерістер де болып жатыр. Жалпы физика – күрделі пән. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсініп оқуды қажет етеді. Оқушылардың алған білімдерін бағалау жаңартылған білім мазмұнына сәйкес жүргізіледі.

Бағалау-одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе-оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Критериалды бағалаудың екі түрі бар- қалыптастырушы және жиынтық.

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі орта, жалпы орта) жүргізіледі. Жиынтық бағалау-оқытудың нәтижелерін жіктеу, сертификаттау және тіркеу мақсатында оқытудың қорытындыларын шығару. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары балл

қою кестесімен сәйкестендіріле жасалады. Жиынтық бағалау өткізілген соң мұғалім балл қою кестесін қолданып балл қояды.

Мұғалім барлық жауап үшін балл қойылып, нәтижелердің дұрыс жазылғанына көз жеткізеді. Мұғаліммен бірге оқушы да бағалау нәтижелерін оқу барысындағы оқу жетістіктеріне жетуде қаншалықты алға ілгерілегендігін анықтау үшін қолдана алады. Оқу нәтижелері мен кері байланыс әрекетінің оқушыны үнемі оқуға ынталандырып, алға жетелеп отыруы маңызды, сондықтан ол оқушыға түсінікті тілде, оның дұрыс қорытынды шығаруына мүмкіндік беретіндей болуы қажет. Жиынтық бағалау үдерісін ұйымдастыру

1. Жоспарлау
2. Ұйымдастыру
3. Өткізу
4. Оқу бағдарламасы
5. Оқу жоспары
6. Оқу жылы бойынша бағалау жоспары
7. Негізгі, жалпы орта негізгі мектептердің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;
8. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
9. Критериалды бағалау ережесі
10. Сынып бойынша оқу бағдарламасына сәйкес бағалау үдерісін өткізу саны анықталады.
11. Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар дайындалады.

Жиынтық бағалау бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі. Бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалаудың нәтижелері электронды тіркеу журналына жазылуы керек. Балл мен баға есебі электронды журналда автоматты түрде есептеледі. Бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалаудың электронды тіркеу журналында қойылған нәтижелері талдау жүргізу үшін ақпарат беріп, сабақ беру практикасын жетілдіруге мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау үдерісі Бөлім/ортақ тақырып бойынша Тоқсан бойынша -Бөлім бойынша оқу мақсаттарын қамтиды;

- ❖ Пәндер бойынша ортақ тақырыптар бойынша ұйымдастырылады;
- ❖ 15-20 минут уақыт беріледі;
- ❖ ойлау деңгейі мен бағалау критерийлеріне сәйкес жүргізіледі;
- ❖ балл дескрипторларға сәйкес қойылады;
- ❖ оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша кері байланыс беріледі;
- ❖ тоқсандық бағаға әсер етеді.
- ❖ Тоқсандағы барлық бөлімдердегі оқу мақсаттарын қамтиды;

- ❖ ортақ тақырып бойынша ұйымдастырылады;
- ❖ сабаққа берілетін уақыт орындалады;
- ❖ жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес жүргізіледі;
- ❖ нәтижесі балл қою ережесіне сәйкес қойылады;
- тоқсандық бағаға әсер етеді.

Жиынтық бағалау жұмыстарын әрбір білім алушы тапсыру міндетті. Бірақ қайта тапсыру рұқсат етілмейді. Мұғалім жиынтық бағалау тапсырмаларын өзі құрастырады немесе әдістемелік ұсыныста берілген жиынтық бағалау тапсырмаларын қолдануға болады. Жиынтық бағалау тапсырмаларын дәптерге, параққа жазғызуға, сондай-ақ қолдан жасалған бұйым, жаттығу түрінде орындатуына болады.

Жаңартылған білім беру теориясын алып, физика пәнінде тәжірибеме қолдануды жалғастырамын деген ойым бар. Себебі бұл білім келешек ұрпақтың болашағына жол ашпақшы. Себебі өз алған білімдерін өмірмен ұштастыра біледі және оны өмірде қолдана алуына мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны біз бір жыл ұрын естіп білдік. Бүгінгі күні өзіміз оқып, түйткілді мәселелерге жауап тапқандаймыз. Ғылымдардың ғылымы физика пәнінде жаңартылған әдіс-тәсілдерді күнделікті сабақта қолданып, оқушыларымның пәнге деген қызығушылығы, сабақ оқуға деген ынталарының артқанын көрдім. Ұстаз ретінде жаңартылған білім мазмұнының қолдаймын және қазіргі таңда өз білімімді жетілдіру үстіндемін!

P00056 09.12.2020

**Биология пәні бойынша жаңартылған білім
мазмұнына сай сабақты тиімді жоспарлау**

КОНДЫБАЕВНА АКТҰЛ АБДИХАМИТОВНА

*Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі
Биология пәні мұғалімі*

Сабақты жоспарлауда алдымен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әрбір жылдарға арналаған оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа аламын. Атап айтсақ:

- Сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу;
- Ортамерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;
- Мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады;
- ҚМЖ-ны жоспарлауда анықтап, әзірлеуге қажеттіліктер:
- Тілдік оқу мақсаттары- терминдермен жұмыс;
- Саралау – оқушыларға қалай қолдау көрсетуді жоспарлау. Оқушылардың қабілеті қандай? Берілген материалды меңгергенін қалай тексеруге болады?
- Пәнаралық байланыс;
- Ұлттық құндылықтарды дарыту, денсаулығын қамтамасыз ету;

Сабақты жоспарлауда мысал ретінде 8 сыныптағы биология пәні бойынша «Жүрек-қан тамырлар жүйесінің аурулары» тақырыбында негізінде тоқталып өтемін.

Сабақтың басты міндеті – оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсатынан туындайды. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасы мен ҰМЖ-дан алынып тура сол қалпында ҚМЖ-ға қойылады. Мысалы: 8.1.3.12-қан-тамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау.

Сабақ мақсаттары оқу мақсаты негізінде жасалады.

Мысалы: 1.жүрек- қан тамырлар жүйесінің ауруларын білу, жүйелеу;

2.жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларының туындау себептерін табу, аурудың белгілерін сипаттау, арудың алдын алу шараларын ұсыну;

Сабақтың үйренген нәтижелерін қалай көруге болады? деген сауал туындайды. Бағалау критерий лері- мұғалім мен оқушыға қатыстырушы

бағалау кезінде оқытудың мақсатына қол жеткізгенін тануға мүмкіндік беретін тұжырым. Сабақты бағалау критерийлері туралы әлістемелік нұсқау хатта былай делінген: «Әр оқу мақсаты бойынша бағалау критерийлерін мұғалім әзірлеуі тиіс. Сондай-ақ, мұғалім өзінің білім алушыларының дайындық деңгейіне сәйкес келсе, ЖӘК порталына орналастырған жинтық бағалау бойынша жинақтарды бағалау критерийлерін пайдалануға құқығы бар» делінген. Мен пән мұғалімі ретінде басты назар аударатыным бағалау критерийлері сабақ мақсаттарына жету емес, оқу мақсаттарына жеткен-жетпегендігін анықтауда барлық оқушылардың үйрену нәтижелерін қарастырамын.

Мектепте пән мазмұны мен тілді үйрететін орта қалыптасуы қажет деп білемін. Әр пәннің өзіндік сөйлеу ерекшеліктері бар.; стиль, лексика, синтаксис. Осы арқылы оқушы пән мазмұнын игеріп, ойлауы да жақсарады, өйткені оқушы тіл арқылы ойлайды. Мұғалім сабақта оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару керек. ҚМЖ-да тілдік мақсаттар мынадай түрде көрінуі тиіс:

1. Тілдік дағдылар: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым(миға шабуыл ойынында сұрақ-жауаптар, тақырып аясында сұхбат, тапсырмалар негізінде жазба жұмыстары)
2. Терминология: пәнге қатысты арнайы лексика және терминдер(гипертония, миокард, инсульт, инфаркт)
3. Сөз тіркестері: Диалогқа түсірілетін сөз тіркестері (үлкен қан айналым, кіші қан айналым)

Тілдік мақсат әр сабақта оқушының ойлауы мен санасын арттыруы сөзсіз.

Әл Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген сөзі үйретудің негізгі қағидасы деп білуге болады. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқау хатында былай делінген: «Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерше қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтарын жүйесін қалыптастырады».

Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтқ жауапкершілік
2. Құрмет
3. Ынтымақтастық
4. Еңбек пен шығармашылық
5. Ашықтық
6. Өмір бойы білім алу.

Мен ұсынып отырған сабақ жоспарында құндылықтар: «Зайырлы қоғам және жоғары руханият»

Пәнаралық байланыста әдетте мұғалімдер пән атауларын жазып қояды. Бұл жеткіліксіз деп білемін. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты

ерекшеліктерінің бірі мынада: оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер тек танымдық-пәндік тұрғыда ғана қалыптастырылмай, тұлғалық және метапәндік деңгейді қамтиды. АКТ-ны қолдануда оқушыларға осы сабақта қандай АКТ дағдыларын дамытамыз сол көрсетілуі керек.

Кез келген жаңа тақырып таныс ұғымдар арқылы меңгеріледі. Бұл бөлімде оқушылар осы бөлімде бұрыннан не білетіндігі көрсетіледі. Бұл жерде бағдарлама бойынша оқылған алдыңғы тақырып жазылмайды.

Мысалы: - Қанайналым жүйесінің пайда болуы

1. Үлкен кіші қан айналым жүйесінің шеңбері

2. Қан тамырлар

Кез-келген жаңа тақырып таныс ұғымдар арқылы меңгеріледі. Саралауда іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабылеттерін есепке ала отырып беруге болады. Нені саралауға болады?

- Тапсырмалардың білімге сәйкестігі
- Нәтижелердің жекелей оқушыға қатыстылығы
- Жұмыс жасау қарқыны орындауда уақытты тиімді, ұтымды пайдалана білуі
- Қолдау оқушыларға тапсырманы орындауда қолдаудың түрлілігі
- Ресурстар тапсырма бірдей болғанымен ресурстардың түрлілігі
- Топтастыру. Қабылеттеріне қарай топтастыру
- Ақпарат оқушыға байланысты көлемі
- Рөлдер тапсырманы орындаудағы қабылетке байланысты рөлге бөлу
- Үй тапсырмасы түрлілігі
- Диалогта әртүрлі сұрақтар қолдану;

Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлаймын?

Бағалау дегеніміз оқушылардың сабақ барысында нені үйренгенін бағалауға қолданатын әдіс-тәсілдер кіреді. Сабақта қалыптастырушы бағалау жүргізіледі. Сабақ жоспарында қалыптастырушы бағалауды қалай қолданатынымыз жазылады, яғни оқушыны дамытуға бағытталған сындарлы кері байланысты қамтамасыз етуіміз керек.

Сабақ жоспары үш кезеңнен тұрады. Әрбір сабақтың мәнді өтуі сабақта раппорт құрылудан басталады. Раппорт сабақ тақырыбы мен мақсатын талқылаудағы оқушыларға берілген сауалдар көрсетіледі. Дұрыс берілген раппорт сабақтың нәтижелі болуына ықпалдасады.

Сабақ мақсатына жетуде 2-3 тапсырмадан аспаған тиімді. Тапсырмаларды жазуда әрбір тапсырмаға мақсат, критерийі мен дискриторлар жазылады. Оқушыларға кері байланыс ұсынылады. Тапсырма орындалғаннан кейін рефлексия жүзеге асырылады. Сабақ соңында сабақ бойынша рефлексия жазылады. Сонымен қатар үй тапсырмасын беруде де мақсаты, критерийлері

мен дескрипторлары талқыланады. Енді сабақ мақсатына жетуде оқушы қызығушылығын арттыруда осы тапсырмалардың тиімді нәтижеге жетуінде әдіс-тәсілдердің орыны бөлек.

1-тапырма.

Оқулықпен жұмыс. «Джиксо» әдісі.

Оқулықтағы мәтінді екі топқа бөліп, талдайды.

Мақсаты: мәтінді оқып, мазмұнын түсінеді, талқылайды.

Критерий:

Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларын біледі.

Дескрипторлар:

1.Мәтінді оқиды

2.Мәтінді талқылайды

Кері байланыс: Сұрақ-жауап

1.Гипотония дегеніміз не?

2.Жедел-жәрдем дегенді қалай түсінеміз?

3.Егер мидың қанмен қамтамасыз етілуі бұзылса қандай ауру пайда болуы мүмкін: (инсульт) (10-мин)

Сонымен қатар оқушы өзін-өзі тәсіл арқылы бағалайды.

Бұл тапсырмадағы тәсілдердің тиімділігі:

- Мәтінді бір мезетте бөліп оқи отырып топтарда аламаса отырып келесі топқа түсірдіреді. ЖАДА ерекшелігі оқушылардың бір-бірінен үйренгені өте тиімді
- Кіріспе сұрақтар арқылы Блум таксаномиясы бойынша ойлауды қажет ететін сұрақтар беріледі
- Бас бармақ арқылы бала өз жағдайын жеткізеді мұғалімге. Мұғалім өзіне осы кері байланыс нәтижесінде келесі қадамын жоспарлайды.

2 тапсырма. Постер қорғау

Мақсаты: Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларының туындау себептерін тауып, аурулардың алдын алу шараларын ұсынады.

Критерий:

1. Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларын ішіндегі жиі кездесетін ауруларды сипаттап бере алады.


2. Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларының алдын алу шараларын ұсына алады

Дескрипторлар:

Суреттерді анықтайды

Аурудың алдын-алу шараларын ұсынады

Кері байланыс:



1.Егер адамның қан қысымы көтерілген жағдайда не істеу керек:

(құрамында нәруызы бар тағамды аз пайдалану,8-9 сағ ұйықтау,таза ауада серуендеген жөн)

2.Алдын алу шаралары туралы не білдік?

(дұрыс тамақ,никотин,алкоголь,улы затт аулақ болу)

Бұл тапсырмадағы тәсілдердің тиімділігі:

- Постер жасауда оқушылар бірлеседі
- Барлық оқушы белгілі бір жұмыспен шұғылданады.
- Қабылеттері анықталады
- Оқушы кітапта берілген мағлұматтардан шығады, ізденеді
- Дәлелдемелер көрсетеді
- Өзіндік шығармашылық идеялар туындайды
- Жекелей оқушының белсенділігі айқындалуы мүмкін

Қазіргі таңда оқушылардың сабақта берілген тапсырманы қаблдауы әртүрлі. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескерген де жөн. Мен өз сабақтарымда 8 сынып оқушыларының визуал, яғни көзбен көре отырып қабылдайтындығын бақыладым. Сонымен қатар оқушылар қолмен жасағанда сабақ мақсатынна жете алатындығымды түсіндім. Сондықтан әрбір сабақта таныстырылымдар, видео жазбалар, суреттер, эксперименттер жаау, практикалық жұмыстар, түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланудамын.

Мектептегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту процесіне жаңа технологияларды кеңінен еңгізу. Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден гөрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді.Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай тандап алудың маңызы зор.Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әр қалай жүзеге асырылуы мүмкін.

P00057 09.12.2020

Білім беру мазмұнын жаңарту барысында математика пәні мұғалімдерінің жаңашыл әрекеттері

АМАНҚОСҚЫЗЫ БЕКЗАТ

*Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі
Математика пәні мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сыныпп математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамассыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға

уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі. Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады. Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа

қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

- Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
- Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
- Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
- Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
- Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

P00065 09.12.2020

**Тарих сабағында интербелсенді оқыту арқылы
оқушының өзіндік пікірін қалыптастыру**

БЕКМУРАТОВА АЙГЕРИМ СЕРДАЛИЕВНА

*Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі
Тарих пәні мұғалімі*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Адамзат үшін 21 ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деп атап көрсеткендей, бүгінгі ұстаздар қауымы алдында үлкен міндет жүктелгенін байқаймыз.

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәсе-лесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интер — активті деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Білім сапасын жақсартып отырып, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мен инновациялық технологиялар ішінен «Тарих сабағында интербелсенді оқыту технологиясы арқылы оқушының өзіндік пікірін қалыптастыру» тақырыбын алдым. Негізгі мақсат - оқушылар арасында еркін, ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату, оқушыларға білімді өз

бетімен ізденуге бағыт-бағдар сілтеу, оқушыларға қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру, белсенділікті дамыту;

Технология» сөзі грек тілінен аударғанда «өнер, шеберлік - ілім» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин әдетте өндірісті сипаттауда кеңінен қолданылып келді. Ал педагогика ғылымы тұрғысынан қарастырғанда «шеберлік пен ілім қосындысын» білдіреді. Технология - қандай да бір әрекетте, шеберлікте, өнерде қолданылатын тәсілдер жиынтығы. Олай болса, кәсіби әрекетте, ұстаздық шеберлікте, педагогикалық өнерде технологияның маңызы ерекше. Ғалым-педагог В.П.Беспалько педагогикалық технологияға мынадай анықтама береді: «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» [5]. Мұнда ғалым педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырады.

Оқыту технологияларының қағидасы - оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болады; - өздігімен оқытудың осындай мақсаттарын жүзеге асыру үшін, білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсат - жаңа технология талаптарына сай жаңа оқулықтар мен дидактикалық құралдар жазу болып табылады. Олардың құрылымын электрондық оқулық арқылы жасап, жаңа заман талабына сай білім беру бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі-«интербелсенді оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интербелсенді әдістерде басты назарды “процеске”, яғни үйрену процесінің өзіне, білім алушылардың “қалай” және “қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интербелсенді сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекскеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де

дамытады. Интербелсенді әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі.

Қытайдың бір нақыл сөзінде: "Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін" делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады. Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білім алушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі білім алушылардың белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың бастамасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқу үрдісінің барысында оқушылар мыналармен қарым – қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
2. Оқушылармен (жұптасып жұмыс істеу барысында)
3. Шағын топтармен (3-4 оқушымен);
4. Оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
5. Техника түрлерімен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде).

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді.

Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс әрекетінде. Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде. Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар,

«инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б. Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, компьютерлер бейне фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады. Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

* оқушылардың қызығушылығын туғызады; * әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді; * әрбір оқушының сезіміне назар аударады; * оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді; * оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді; * кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады; * оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады; * өмірлік машықтарды қалыптастырады; * мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету –

әр педагогтың басты міндеті. Сын тұрғысынан ойлаудың 60-тан астам стратегиялары бар. Өз іс-тәжірибемде болжау, Т-кестесі, инсерт, кластер, ассоциация, венн диаграммасы, семантикалық карта, Джигсо, мозаика, ыстық орындық, ақылдың 6 қалпағы, дананың кілті, БҰҰ, РАФТ, 5 тармақ, екі жақты күнделік, кубизм т.б.стратегияларын кеңінен қолданып, сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының иерархиялық моделі Блум таксономиясы арқылы жоспарлап өткізудемін. Сөзім дәйекті болу үшін бір сабағымда қолданылған әдіс-тәсілдерімді ұсынамын.

5 сыныптың Қазақстан тарихы пәнінде «Ежелгі көшпенділердің дүниетанымы» тақырыбында өткізген сабағымда 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау оқу мақсатын негізге ала отырып, «Шеберлер» , «Зергерлер». « Қыш құмырашылар» деп үш топқа бөлдім.

«Кубизм» әдісі арқылы өткен сабақтарға шолу жасалды.

«Кинометафра» әдісін пайдаланып «Ежелгі көшпенділердің дүниетанымы» видео көрсете отырып, төмендегідей сұрақтар қоя отырып миға шабуыл жасадым.

Видеода не туралы айтылып жатыр?

Бұл виедоны қандай мақсатта көрсетті деп ойлайсыңдар?

(Ұтымды пікір айтқан топ мүшелеріне топ басшысы 2-5 аралығындағы әркім өз топ аттарына сәйкес (мысалы: зергерлер тобы сырға, сақина) суреттерін бере отырып бағалайды.

«Ақылдың 6 қалпағы» әдісі арқылы топтық тапсырмалар беру арқылы. Салт-дәстүр дегеніміз не? Ітоп «Ас беру рәсімі » Үш сұрақ құрастырады ІІ топ «Көкпар ойынының шығу тарихы » Суретті әңгімеге айналдыр ІІІТоп

«Саятшылық туралы» Үш дәйек келтіру деген сұрақтарға жауап бере отырып оқушылар топта бірлесе жұмыс істеуге. Бір-бірін тыңдай білуге, құнды пікірлер айта білуге талпынды.

КӨКПАР ОЙЫНЫ: арқылы жұптық жұмыс жүргіздім «Сиқырлы қалпақша» қойылады. Оқушылар жұптарымен ақылдаса отырып, екі сұрақтан қағазға жазып қалпақшаға салады. Өзге жұптың оқушылары қалпақшадаң бір қағазды алып, жазылған сұраққа жауап беруі тиіс. Жауап дұрыс берілмеген жағдайда ұпай (немесе салым) сұрақ басқа жұпқа беріледі. Оқушылар жұпта жұмыс істеу арқылы әркімнің пікірі құнды екенін түсіне білді Көзбен көрсетіп, өздері түсіндіреді.

Жауапкершіліктері дамиды.

«Соңғы сөзді мен айтайыншы» әдісі
Сендердің отбасыларында салт – дәстүрлер қалай сақталуда? Олардың маңызы неде? тақырыбында қалыптастырушы бағалау берілді. Сұрақтардың аясында шағын әңгіме құрап оқушылар жеке жұмыстар жүргізу барысында белсенділік танытты,

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Жалпы осы аталған бағдарламаның: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық модульдерін болашақта да барлық өзімнің сабақтарымда қолданып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге тырысамын. Бұл модульдердің сабақтарда тигізетін пайдалары өте көп. Сабақтарымыз үнемі мазмұнды, нәтижелі,

P00059

09.12.2020

**Актуальные проблемы преподавания русского языка
и литературы в условиях обновления содержания образования**

АДИЛОВА ЗУХРА УТЕГЕНОВНА

*Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы
Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Образование является, пожалуй, единственной эффективной долгосрочной стратегией для участия страны в конкуренции. По всему миру пересмотрены или же пересматриваются на данный момент образовательные системы на предмет того, какое образование они предоставляют для своих будущих поколений.

Современные преобразования в нашей стране, быстрая информатизация общества и динамичность кардинально меняют требования к образованию. Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев подчеркивает, что «... одним из ключевых факторов успеха всего модернизационного процесса является успешность обновления национальной системы образования». Сегодня она осуществляется по всем приоритетным направлениям. Обновление содержания образования – это, прежде всего, пересмотр самой модели среднего образования, его структуры, содержания, подходов и методов обучения и воспитания, внедрение принципиально новой системы оценивания достижения учащихся. Весь комплекс мероприятий в рамках обновления содержания образования направлен на создание образовательного пространства, благоприятного для гармоничного становления и развития личности.

Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Без осмысления, нами учителями, новых целей и задач в обновлённом содержании и технологии обучения, новых форм оценивания с учетом компетентностно-ориентированного подхода в обучении это сделать практически невозможно. Именно поэтому педагогу необходима готовность к восприятию методологии и содержания обновленного ГОСО, к изменению программного и методического обеспечения образовательного процесса, к изменению целей и способов педагогической деятельности.

Переход на обновление содержания образования предъявляет новые требования к работе в рамках компетентностного подхода к образованию, формированию готовности работать в условиях возросшей индивидуализации образовательного процесса. Обновление структуры образования заключается в

преодолении традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников.

Программа обновления содержания образования предполагает, что обучение должно быть активным, проводиться в условиях созданной коллаборативной среды, должна осуществляться дифференциация обучения, в процессе обучения должны реализовываться межпредметные связи. Кроме перечисленного обязательным является использование ИКТ, диалоговое обучение, осуществляются методы исследования и своевременное реагирование на потребности учащихся.

Учитель должен уметь:

- формулировать учебные цели для достижения результатов;
- строить учебный процесс по организации усвоения учебного материала;
- готовить учебные материалы в соответствии с учебными целями;
- использовать потенциал информационной среды для учебного процесса;
- создавать условия для опережающего развития учащихся;
- создавать атмосферу психологического комфорта и поддержки;
- готовить учащихся к самообразованию, самоопределению и самореализации;
- оценивать текущие результаты, направленные на достижение поставленных целей.

В мерах по обновлению содержания отечественного среднего образования центральное внимание уделяется навыкам, имеющим широкий спектр применения в современной жизни: творческое применение знаний; критическое мышление; выполнение исследовательских работ; использование ИКТ; применение способов коммуникативного общения, включая языковые навыки; умение работать в группе и индивидуально. Базируясь на общечеловеческих и этнокультурных ценностях, эти навыки позволяют учащемуся решать проблемы как учебного, так и жизненного характера.

Школа в условиях обновления отличается тем, что учебные достижения имеют продуктивный характер, а учебный процесс характеризуется активной деятельностью самих учащихся по «добыванию» знаний на каждом уроке. В этих условиях ученик – субъект познания, а учитель выступает организатором познавательной деятельности учащихся. Необходимо стремиться к тому, чтобы каждого школьника, вне зависимости от возраста и успешности, воспринимали как личность. Именно в этом заключается педагогический аспект обновления содержания образования, когда цели обучения становятся общими для ученика и учителя.

Самый сложный и ответственный период начального уровня образования – организация учебного процесса в первом классе. Целью обучения в 1-х классах является формирование у 6-7-летних малышей навыков чтения по слогам, чтения целого слова, выразительного пересказа, заучивания наизусть, привитие

навыков грамотного письма, развитие связной речи, формирование элементарной математической грамотности, развитие знаний о себе и окружающей среде и т.д. Поэтому формирование положительной мотивации к познавательной деятельности первоклассников является особо важным, и учебный процесс должен быть построен по принципу «от простого к сложному, от легкого к трудному». Учащимся первых классов в первом полугодии учебного года оценки не ставятся, применяются другие методы и приемы стимулирования. Касаясь проблемы введения без отметочного обучения в начальной школе, необходимо всесторонне проанализировать причины, побудившие современную систему образования поставить эту проблему - ведь в практической работе массовой школы отметка является единственной общепринятой мерой успешности учебного труда школьника. Переход к новой философии оценивания может быть осуществлен только при глубоком осмыслении имеющихся противоречий и последствий, комплексном решении смежных проблем и задач школы.

Курсовая переподготовка по новым подходам в образовании ещё раз доказала, что общество развивается стремительными темпами и требует гибкости от учителя, способности воспринимать и принимать инновации, готовности к переменам. Я убедилась, что сегодня учитель должен быть не только источником знаний, но и активным участником учебного процесса. Вовлечь каждого ребёнка в процесс обучения, суметь выслушать его, сделать его своим ассистентом, посмотреть глазами ученика на волнующую его проблему – вот задача учителя. Новое время потребовало от учителя владения современными активными технологиями и активного применения их на уроках. Сегодняшний ученик хорошо владеет компьютером, разбирается в технике. А наша задача направить их умения в нужное русло, подсказать, как добыть знания, заинтересовать, добиться, чтобы их глаза загорелись интересом к познанию.

Очень часто в процессе урока мы замечаем, что тот или иной ученик отвлекается на посторонние темы, плохо запоминает материал, не может высказать свои мысли. Возникает вопрос, как создать условия, при которых бы первоклассник с большим вниманием и интересом слушал учителя, хорошо понимал и усваивал материал, и при котором бы шло развитие познавательных процессов? В своей практике в среднем звене уже много лет я использую принцип занимательности и разнообразные игровые элементы, вызывающие у учеников положительную мотивацию к изучению русского языка.

Самый известный и наиболее частый по употреблению элемент занимательности, используемый на уроке,- это Игра.

Приведённая мною классификация дидактических игр основана на тематическом принципе: игры распределены по разделам лингвистики (при

этом в каждом есть игры, помогающие отрабатывать коммуникативный аспект):

1) фонетические и орфоэпические игры («убери одну фонему», «замени фонему», «преврати волка в козу», «найди пару» и т. д.)

2) лексико – фразеологические игры (кроссворды, лото, «третий - лишний», «ассоциации», «собери пословицу», «игра-наоборот» и т. д.)

3) игры по морфемике и словообразованию («от одного корня», «корень и дерево», «слова по схеме» и т. д.)

Игровая деятельность как элемент урока может применяться на любом его этапе – от проверки домашнего задания до выполнения контрольной работы и обобщения.

Некоторые виды дидактических игр я применила и для первоклассников. А играть они любят и готовы придумывать уже свои варианты игр. Для развития речи и пополнения словарного запаса, усвоения лексики по данной теме применяю ролевые игры, как например:

«В магазине», «Пальчики говорят», «Времена года», «Мим», «Телефон», «Фантики»; при изучении букв, составлении слов с целью запоминания ученики активно играют в игры: «Третий - лишний», «Бинго», «Кто быстрее?», «Кто больше?» (... соберёт из букв слова, назовёт слова, найдёт предметы на картинке на букву ... и т.д.). Конечно, любую дидактическую игру всегда сопровождаю картинками, наглядными предметами, чтобы первоклассник это мог увидеть, пощупать, ведь всё, что мы изучаем для многих из них ново, впервые.

Большое внимание нужно уделять правильному произношению и употреблению слов. С этой целью я каждый урок начинаю с речевой разминки (или рецитации). Заучиваем небольшие стишки на изучаемую букву и звук. Стихи читаем хором, по рядам, друг за дружкой, мальчики и девочки, собравшись в круг и т.д. Учимся говорить друг другу вежливые, добрые слова – «Круг пожеланий», «Круг вопросов и ответов». Но на что хочется обратить внимание: для первоклассников нужно брать стихи небольшие по объёму. В ксп (методическое руководство) очень много интересных заданий, игровых моментов, но я всегда стараюсь их переделать, немного сократить или разучивать по частям.

При групповой работе с первоклассниками немного сложнее. Они ещё не привыкли работать вместе, каждому хочется выделиться и привлечь внимание учителя только на себя. Здесь действительно нужно учитывать психологические особенности младших школьников, и в игровой форме, распределив роли, организовать и направлять работу группы. Одним из эффективных методов, я считаю, использование так называемых «тонких» вопросов. Провожу это опять в виде игры. Каждая группа готовит по два тонких вопроса, на которые должны ответить хором «ДА» или

«НЕТ». Например, Муха-цокотуха купила чайник? (нет). Айдахар злой? (да) и т.д. Тем самым идёт отработка навыков построения вопросительных предложений и подготовка к пересказу.

Особое внимание, наряду с чтением, говорением и слушанием, я уделяю и письму. На первой стадии это списывание, запись под диктовку односложных и двусложных слов. Очень хорошо помогает использование магнитно-маркерной доски. Например, на интерактивной доске появляется картинка с изображением, потом слово. Дети запоминают кто это или что это. Обращают внимание на буквы (синие- согласные, красные-гласные) и как они произносятся. Потом записывают слово и поднимают доску вверх, чтобы учитель мог видеть и оценить(ФО). Вариантов много. Позже, уже в тетрадях ошибок будет меньше или их нет.

Какие активные методы, стратегии мы бы не применяли, они должны быть направлены на достижения цели урока. Для этого необходимо решать следующие задачи: учить слушать с пониманием, говорить, читать и писать; формировать лингвистическое отношение к единицам языка. И в решении этих задач нам помогут активные методы обучения.

Нам, педагогам новой формации, необходимо научить детей думать, развивать личность, способную жить в динамично развивающейся среде. Учитель больше не источник информации, учитель уже не должен стоять и пересказывать репродуктивно материал и требовать того же самого от ученика. Ученик должен постоянно для себя делать как бы маленькие открытия. Это и есть творческий подход к обучению. Акцент делается не на полученные знания, а на процесс их применения.

P00066 09.12.2020

Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы

ЖАНАЛИЕВА ЭЛЬМИРА ШИНБОЛАТОВНА

*Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті
№ 22 «Гаухартас» балабақша тәрбиешісі*

Тіл - қоғамдағы адамдардың бір - бірімен пікір алысып, қарым - қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойындағы тілдік мәдениетті қалыптастырамыз. Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұра. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеуде отбасының, бала - бақшаның қажырлы еңбегі орасан. Бала - бақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі - баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы балабақшада өтілетін барлық сабақтарда (шығарма оқу, сауат ашу, сурет, математика, музыка, дене шынықтыру, т.б.) баланың жасына қарай жүргізіледі. Мысалы, жазда балабақша ауласында, «Жайлауға саяхат», «Дүкен», «Мұғалім», «Дәрігер», т.б. творчестволық ойындар өткізіледі. Бұл ойындарға қажетті материалдарды тәрбиешілер дайындап, балаларды қатыстыра отырып, өздері жасайды. Олар әзірленген түрлі түсті «кәмпит», «нан», «тоқаш», «құрт», «ыдыс-аяқ», «Жайлау» ойыны үшін жасалған киіз үй, үй мүліктері, төсек-орын, көрпе жастық, кілем, алаша — балалардың бұрын үйренген сөздердің дұрыс айтуға, бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысуға, бір-біріне әңгімелеп беруге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсарин атамызда балаларды оқу және оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатындығын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай - қай тілде болса да, еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес» - деген болатын. Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі – олардың еліктеу, қиялдау қабілетінің басым болуы. Сол себепті әрбір ата - ана, тәрбиеші баланың қойған сұрақтарына үнемі, дұрыс жауап берулері керек. Баланың тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Балаларға жасына қарай көркем әдебиет шығармаларын мазмұнын айтқызу, мақал - мәтел айту, жұмбақтар жасыру сияқты жұмыстарды да жүргізуге болады. Жұмбақ жаттау кезінде балалар өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта – жігері артып, жауапкершілікті сезінеді.

Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту мәселесі жаңа бағдарлама бойынша осы бағытта белгіленген. Алайда әлі оқи, жаза білмейтін балаларға жалпы тілге қойылатын талаптарды меңгерту, жаңа сөз үйрету, сөйлеу тәсілдеріне жаттықтыру, қоғам өмірінен, табиғат тіршілігінен тыс емес, осылармен тығыз бірлікте, сабақтаса жүргізіледі. Олай болса, тәрбиешілер тіл дамыту сабағын жоспарлағанда баланың өмірден алған әсерін, естіп, білгенін ұдайы ескеруге тиісті. Сөз үйретуге арналған сабақтар экскурсия, бақылау жұмыстарымен үйлестіріле жүргізіледі.

Тәрбиеші қай тақырыпта қандай бақылау, экскурсия, әңгімелесу, әңгімелету сабақтарын өткізгенде де балаға берілетін білім мен зат арасында шартты байланыс болуын ескерту керек. Әрбір тіл дамыту оқу қызметтерінде оқу қызметінің мазмұнына қарай диафильм ойыншық суреттер көрсетіп, әдеби шығармалар оқытылады. Сабақты осылайша көрнекі құралдарды пайдалана отырып, өмірмен, іс–тәжірибемен байланысты жүргізгенде ғана баланың санасында айналадағы дүние жөнінде айқын елес қалады.

Тіл дамыту, сөз қорын молайту сабақтарында баланы сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету ісіне баса назар аудару керек. Балалардың көбінің сөз ішінде кездесетін р, л, с, ш, ж, з, б, п, ф дыбыстарын айтуға қиналатыны байқалады. Кейде бала аталған дыбыстарды жеке–жеке дұрыс айтады да, сөз ішінде дұрыс айта алмайды.

Балалардың дыбыс қолдануында мынадай кемшіліктер кездеседі: сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, сөзде дыбыс қалдырып айту; сөз ішінде дыбыс алмастыру. Мысалы, қуыршақ–құршақ, қолғап–қолбақ, орамал–омалар – омайлар.

Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру жұмыстарын басқа сабақтарда (шығарма оқу, дидактикалық ойын, бақылау) оқу қызметінің мазмұнына қарай жүргізуге болады. Бала оқу жылы ішінде бағдарламада көрсетілген дыбыстарды түгелдей дұрыс айтатын болуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалар негізінен өте қарапайым түрде әңгімелейді және тек жай сөйлемдермен немесе көмекші сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Әсіресе көркем әдеби шығармаларды мазмұндап айтып беру қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшаларда айтарлықтай емес.

Сондықтан тәрбиешілердің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгендері дұрыс. әңгімелеуге үйреткенде мыналарды ескеру қажет:

- балалардың қойылған сұраққа дұрыс, толық жауап беруі;
- тәрбиеші қолданған күрделі сөйлемдерді қайталапқызу;
- өздеріне сөйлемдер құрату;
- сөйлемге қажет сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету;
- сөз жасау, сөзге түрлі жалғау–жұрнақтар қосып айтуға үйрету;
- суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиғаға) әңгіме құрату.

P00061

09.12.2020

Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

ТУРЕБЕКОВА МИРАМГҮЛ ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, № 48 ЖББОМ

Математика пәні мұғалімі

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамассыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады. Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа

қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

- 1.Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
- 2.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
- 3.Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
- 4.Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- 5.Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- 6.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
- 7.Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

P00062 09.12.2020

«Музыка» пәнін жаңартылған білім беру жағдайында оқыту

АБДРАМАНОВ БЕКЕН ЖАДЫРАСЫНОВИЧ

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы

Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі

Музыка пәні мұғалімі

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, қазіргі заман талабы озық ойлы білімдарлықты талап етеді. Жаңаша қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге

асады. Яғни, мұндағы бала өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Жаңа бағдарламаның басты мақсаттарының біріде осы. Қазіргі біздің қоғамның жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қоймағаны сөзсіз. Осыған орай, көп мектептерде сабақты жаңартылған білім жүйесі қалыптасуда. Олар көбінесе, оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат – әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру.

Өз пікірінде көрнекті педагог В. Сухомлинский «Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін қысқа да түсінікті түрде атап көрсеткен болатын. Сырлы да сазды әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді. Оқуға ынтасы барды да, ынтасыздарды да, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесін қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару – ұстаздардың ең басты мақсаты.

Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру жолында білім мен біліктіліктің танымдық маңызы зор болатыны белгілі. Мен осы бағытарда сабақты түрлендіруде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырып келемін. Мысалы: Интерактивтік тақтамен жұмыс, мультимедиялық көрініспен, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуді дәстүрге айналдырдым. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп.

Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып ой толғау жасауға болады. (мыс: музыка сабағында сабақты ойын түрінде ұйымдастыру керек) осы арқылы оқушылардың биімділігін арттыруға болады.

Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше екендігі белгілі. Халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды қабілетіне қарай жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке, тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйретуде музыка пәнінің алатын орны орасан зор. Олай болса, оқытумен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы арттады.

Дидактикалық ойындарды музыканы оқытуда кеңінен пайдалану тиімді. Дидактикалық ойындардың бір саласы-ұлттық ойындар. Әр түрлі ұлттардың,

қазақ халқының ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын бейнелейтін «Санамақ» «Бәйге» «Қыз қуу» «Соқыр теке» т. б ойындар жатады. Мысалы: сабақта бәйге жарысын өткізу керек болса, кіріспе бөлімде ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиесін ешқашан естен шығармағандығы, қазақтың ұлттық ойындарының бәрі біздер үшін асыл мұра екендігі айтылып, бәйге ойынының ойналу дәстүрі мен мазмұнына тоқтала кетіп, оның ойналуын сабақтың өту барысына сәйкестендіріп алуға болады. Бұл ойын бойынша қайталау сабағында оқушылар жеке қатысып, сұрақтарға жауап беру арқылы бәсекелестік жағдайында жарысқаны тиімді. Тапсырмалар алдын-ала дайындалады. Ойын нәтижесі шығарылып, ынталандыру шараларын жасау сабақтың нәтижелі өтуіне септігін тигізеді.

Сөз соңында дамудың негізі білім мен ғылым, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына, үйлесімді дамуына ұстаздардың жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеруінің, кәсіби дамуының маңызы зор екенін айтқым келеді.

Осылайша, музыка пәні мұғалімі қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірибеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыштап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.

P00067 09.12.2020

Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту

ИБРАЙМОВА ГҮЛНҰР

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті,

№ 22 «Гаухартас» балабақша тәрбиешісі

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» Халық даналығы ХХІ- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ойөрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып , олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор. Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп.

Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының ісәрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісітіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарымқатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің: — балалардың сөздік қорларын дамыту; — жаңа сөздерді меңгерту; — үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің артуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды

ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлеміз және бұл біздің ең негізгі алдымызға қойған мәселеміз. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

Ойынның маңызы: 1. Ақыл-ойы дамиды, оқуға қызығушылығы белсенділігі, шығармашылығы, артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады. 2. Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, балалардың білімінің сапасын арттыруда, оқу іс-әрекетін қызықты өткізуге, тәрбиеші үшін тиімді. 3. Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды, ойын арқылы тәрбиелейді. Тәрбиешілерге балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған көмек құралы ретінде төмендегі ойындар топтамасын ұсынып отырмын.

1) Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар Төрт құбылыс Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады. Көңілді шеңбер Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? - деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады. Орнынды тап Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын таппаған балалар ойыннан шығарылады. Ойыншықты сипатта Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут).

Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады. Сөзді есінде сақта Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек. көктем - жаңбыр жаз - күн шықты аспан - бұлт жер - шөп

2) Қиялды дамытуға арналған ойындар Менің көңіл-күйім қандай Балалар өз көңіл-күйлеріне сәйкес келетін суретті тауып атайды (көңілді - көңілсіз, ренжулі, қорқынышты, ...т.с.с.). Сол кездегі өздерінің көңіл-күйлерін баяндайды. Басқа суреттегі көңіл-күйге сәйкес болған жайды әңгімелеп береді. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Ойын-балалардың өмір танымының алғашқы қадамы. Ойын, төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, іскерлікті, көп білуді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Ойын тек баланың, дене күшін, қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б. ғана тәрбиелеп қана қоймайды, оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниесінің қалыптасуына, есейуіне де пайдасын тигізеді. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Ойын- бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспейді, жан-жақты дамымайды, бала отбасымен және қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді. Ойын арқылы баланың болашаққа көзқарас қалыптасады. Кішіге қамқорлық көрсету, әлсізді қорғау, ренжітпеу, жолдарымен ойын барысында бірлесе шешім қабылдау, басқа адамның еңбегін бағалай білу дегенді олар күнделікті ойын негізінде сезінеді. Қандай ойын түрі болсын, дидактикалық па, шығармашылық па, қимылды ма, саусақ ойыны ма, сюжеттіме, драмалық болсын баланың ой-өрісін дамытады, сөздік қорын молайтады, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, қиялдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді.

P00048

09.12.2020.

«Балабақшадағы бақытты күндер»

АЛПЫСБАЕВА АСЕМКУЛ АБАЕВНА

Алматы облысы. Алмалы ауданы № 8 балалақша тәрбиешісі.

Балалармен жұмыс істеу-үлкен бақыт. Себебі тек бала ғана еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өткені мен оларға, олар маған қажет екендігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы-әр тәрбиешінің бақыты. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып қана қоймай, бар жүрегімен және жан тәнімен сезіне білу қажет. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты.

Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде, қатты шаршағанымды сеземін. Бірақ сол балалармен өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, олардың ыстық ықыласы, маған қараған үмітке толы көздері, тәтті қылықтары, сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Осы бір «балалар әлемінің теңізіне» бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейды. Өйткені бала жаны пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Көзін ашып, тұнығына қану үшін, тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан және тәрбиешіге тән ең бірінші қасиет-баланы құрметтеу сезімі болу керек екенін түсіндім. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту.

Француз ағартушысы, жазушысы, Жан-Жак Руссоның: «Бала туғанда ақ қағаздай болып, таза туады, қағаз үстіне шимайды қалай салсаң, солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай солай тәрбиеленеді» деген нақыл сөзі балабақшадағы балаларға арналғандай. Тәрбиешінің әрбір өткізген сабағы баланың ақыл-ой парасатын дамытатындай баланың жас ерекшелігіне сай құрылса, баланың ынта-жігері артары сөзсіз. Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын. Себебі бала рольде өзі ойнаса, сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады. Ол үшін тәрбиеші бойында асыл қасиет-ақыл, парасат болуы шарт. Баланың ішкі жан дүниесіне жол тартқан тәрбиеші ең нәзік те мөлдір, сонымен қоса, ең күрделі де жұмбақ әлемге енеді. Осындай тынымсыз еңбектің жемісін көру үшін, тәрбиешілік жұмыс тәрбиешінің бойынан –жігерлілік пен еңбекқорлықты қажет ететінің айқын аңғардым. Әрине, әрбір тірлікте де жігерлі еңбек етпей айтарлықтай нәтижеге

жету мүмкін емес. Ал тәрбиешіде бұл қасиеттердің түп негізі жауапкершілікте дер едім.

Тәрбиеші ! Бұл –әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз. Өйткені біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені біз жас ұрпақ санасына қазыналы да бай ана тілі-қазақ тілін сіңірудеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгілікті, жалпы, адамзатқа ортақ өркениет ұстанымдарын жұғысты етудеміз.

Халқымызда « еңбегі көптің өңбегі көп » деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш қуатымды, жанашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты ұстаз-тәрбиеші, бақытты жанмын деп білемін.

Ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәрбиеге баулап, салауатты өмір салтын ұстап, бойына адамгершілікті, мәдениетті, инабатты, иманды сіңіріп, өз ана тілін құрметтейтін болашақ ұрпақ тәрбиелесек, әрбір тәрбиешінің өз міндетін мүлтіксіз орындағаны деп білемін.

P00011 08.12.2020.

«СИҚЫРЛЫ ТАБИҒАТ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

БӨЛЕНОВА САЛТАНАТ СЕРІКҚЫЗЫ

Қарағанды облысы. Жезқазған қаласы.

КМҚК № 15 «Гүлдер» бөбекжайы тәрбиеші.

Мақсаты: Балаларға жер, су, ауа туралы түсінік беру.

Білімділік мақсаты: Судың сұйық зат екені, әр түрлі күйге ұшырап жаңбырға, қар, мұзға айналатынын түсіндіру.

Дамытушылық мақсаты: Тілдерін, танымдық белсенділіктерін дамыту.

Тәрбиелік мақсаты: Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Іс –әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің іс -әрекеті

Балалардың әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық

- Балалар ұйқыдан оянганда даладан нені көресіңдер?
- Күнді, күннің нұрын көреміз.
- Күннің нұрын көргенде қалай қуанасыңдар?
- Далаға шыққанда жоғарыдан нені көреміз?
- Төменнен нені көреміз?

Ендеше балалар біз аспанға, жерге, күнге және келген қонақтарға жылы лебізімізбен сәлемдесейік.

Қайырлы таң көк аспан

Қайырлы таң алтын күн

Қайырлы таң асыл жер

Қайырлы таң қонақтар

Қайырлы таң достарым

Достарымды көргенде

Қуана қарсы аламын

Сәлем, сәлем, сәлем!

- Алақай! - деп қуанамыз.

- Жоғарыдан аспанды, бұлтты, күнді көреміз.

- Ағашты, үйді, жерді көреміз.

Іздену-құрастыру

Тілді жаттықтыру:

Ер-ер-ер-дөңгелек жер

у-у-у-мөлдір су

уа-уа-уа-таза ауа

Балалар, осы жаттығуда сендер қандай сөздер естідіңдер?

II. Сурет бойынша әңгіме.

1. Педагог ыдыстағы топырақты көрсетеді.

- Мынау не? Яғни, жер бетіндегі топырақтан гүл, шөп, ағаш, т.б. өсімдіктер өсіп шығады.

2. Ауа. Ауа-көзге көрінбейді. (терезені ашып, ішке ауа енгізу).

Ауаны жұтып, терең дем аламыз.

3. Су. -Балалар, су бізге қажет пе? Не үшін? (-Суда нелер өмір сүреді?

-Қандай су көліктері болады?

III. Тәжірибе.

Стакандағы суды жерге ағызу. Қандай дыбыс естиміз?

-Судың иісі бар ма? -Түсі бола ма?

-Ендеше, ыдыстағы суға темір салайық, көріне ме?

Яғни, су түссіз, мөлдір болады.

-Суға бояу қосайық. Түсі өзгерді ме? Қандай түс шықты?

Далада қар жатыр, күн жылынғанда қар, мұз еріп, суға айналады.

Ал, осы қарды (қарды көрсету) жылы жерге қойса, еріп, суға айналады,

мұздатқышқа салып қатырса, мұзға айналады.

(қарды алақанға салып, ұстап тұрып, еріп суға айналғанын көрсету).

IV. Сергіту сәті:

Сылдырлайды мөлдір су

Мөлдір суға қолың жу

Жуынсаң сен, әрдайым

Таза бетің, маңдайың.

Тазалықтың досы-

Су дегенің- осы.

V. Жұмбақ:

1) Көк аспанда қалқиды

Күннің көзін жабады.

Ол не?

2) Қыста ғана болады

Ұстасаң қолың тоңады?

(жер,су,ауа)

(топырақ)

Балалардың жауабы

(балық, бақа, жылан т.б.)

(қайық,кеме)

(сылдырлайды)

(өкрінеді).

(иіссіз)

(бұлт)

(қар)

Рефлексиялы-түзету

Сұрақ –жауап арқылы.

Балалар сабаққа жақсы қатысқандарың үшін сыйлық ала келдім

Қоштасу.

Қол ұстасып тұрайық.

Шеңберді біз құрайық

Көріскенше күн жақсы

Сау саламат болайық!

P00050 09.12.2020

«ОТАН» (өлең) Ермек Өтетілеуұлы

ҰЗАҚБАЕВА ГҮЛБАНУ АБУБӘКІРҚЫЗЫ

Алматы қаласы. Алмалы ауданы. № 8 балабақшасы тәрбиеші.

Мақсаты: балаларды Ермек Өтетілеуовтың өлеңімен таныстыру.

Білімділік: балалардың Отан туралы білімдерін нақтылай түсу, өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету;

Дамытушылық: сөздік қорларын кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: атамекен

Үштілдік компонент: Отан – Родина – Homeland

Қажетті құрал-жабдықтар: суреттер

Әрекет кезеңдері			Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, Е. Өтетілеуұлының өлеңін оқиды. Шаттық шеңбер: Білер қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. Қонаққа екі	Жарты шеңберде тұрады Жарты шеңберге кілем үстіне отырады. Қызыға, мұқият тындайды.		

	куыршақ келеді. Бірі ауылда тұрған жақсы, бірі қалада тұрған жақсы деп дауласады. Бірі менің туған жерім сұлу десе, екіншісі менің туған жерім керемет дейді.	Амандасады. Қызыға, мұқият тыңдайды.		
Ұйымдастыру– іздестіру		Әңгімелеу. - Дауласпандар, куыршақтар. Әркімнің туған жері, тұратын орны өзіне ыстық, өзіне барлық жерлерден де артық, барлық жерлерден әдемі болып тұрады. - Көп ақындар, жазушылар өз туған жерлері туралы көптеген өлеңдер, әндер жазған. - Туған жерді, туған елді – Отан деп айтамыз. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымызға құрмет көрсетіп, әркез мақтан тұту керекпіз.	Суреттерді тамашалап отырып, мұқият тыңдайды. Қызыққан, ұқпай қалған жерлерінде сұрақтар қойып, айқындап отырады.	

	Сөздік жұмысы: - Біз – қазақпыз. Яғни, біздің ұлтымыз – қазақ. Қазақ тілінде сөйлейміз. Біздің аталарымыз да осы қазақ жерінде өмір сүрген, аталарымыздың аталары да Қазақстанда өмір сүрген. Сол себептен Отанды «атамекен» деп те айтады. - Бүгін біз Ермек Өтетілеуов деген ақын ағаларыңның «Отан» деген өлеңімен танысатын боламыз. Өлеңді мәнерлеп оқиды.Отан деген – атамекен ,Отан деген – туған жер,Отан – ана,Отан – үлкенҚазақстан – туған ел.Сергіту сәті: Сәлем саған, ата!Сәлем саған , апа!Сәлем саған, әке!Сәлем саған, ана!Амансың ба мен, бұл менің	Жаңа сөзді қайталайды, есте сақтауға тырысады. орыс және ағылшын тілдеріндегі баламаларын есте сақтауға тырысады. Мұқият, қызығушылық пен тыңдайды. Сергіту сәтін қимылдарын келтіре отырып бірге орындайды. Сұрақтарға жауап береді. - Отан туралы айтылған. - Туған жер. - Ермек аға.
--	--	---

	жанұям Сұрақ – жауап арқылы балалармен әңгімелесу. - Өлеңде не туралы айтылған? Отан деген не? Бұл өлеңді кім жазды дедім? - Енді Отан сөзін өзге тілдерде де айтып көрейікші: Отан – Родина – Homeland (хәумлэнд)	Өзге тілдердегі баламаларын қайталап, есте сақтауға тырысады.
Рефлексивті– түзетушілік	Қорытынды:Суреттерді көрсете отырып, сұрақ – жауап арқылы оқу іс – әрекетті қорытындылайды. - Сонымен қуыршақтар екеуінің де айтқандарың дұрыс. Әркімге өз Отаны ыстық болады. Қуыршақтармен қоштасып, шығарып салады. Балаларды мақтап – мадақтайды.	Сұрақтарға жауап береді.
	Қорытынды:Сурет	

	ттерді көрсете отырып, сұрақ – жауап арқылы оқу іс – әрекетті қорытындылайды. - Сонымен қуыршақтар екеуінің де айтқандарың дұрыс. Әркімге өз Отаны ыстық болады. Қуыршақтармен қоштасып, шығарып салады. Балаларды мақтап – мадақтайды.	Сұрақтарға жауап береді.
--	---	--------------------------

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: туған жер, Отан туралы білу;

Болу керек: атамекен туралы түсінік,

Істей білу керек: өз ұлтын, өз Отанын біледі, өлең мазмұнын есте сақтай алуды

P00016 09.12.2020

«БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ»

АЛИБЕКОВА АҚЖАН

Маңғыстау облысы. Тұпқара ауданы. Таушық ауылы.
«Ғауһар» балабақшасы тәрбиеші.

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұнын мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп,

қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тапқалар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел

үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш

Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын - жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс - жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө - мө - мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасындар?» дейді.

- Балалар: - Орманға жидек теруге бара жатырмыз

Деп жауап береді.

Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды.

Тоқылдақ балаларды көріп «тық - тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ - шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар - қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек - көкек» деп қалыспайды.

Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын - жаттығудың мақсаты ертегі

мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін.

P00049

09.12.2020

«ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУ»

ТОКТАГУЛОВА МЕРУЕРТ ДЖЕТПИСБАЙҚЫЗЫ

Алматы қаласы. Алмалы ауданы. № 8 балабақша тәрбиеші.

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілікетеді»

Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады.

Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті.

Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. Мысалы,

«Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады. Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды. Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады. Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлық айқындала түседі. Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің

дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек. Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойындарда күтілетін нәтижелер:

1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.
2. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады.

Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген.

Қорыта келе айтқанда:

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылады. Оқыту формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал болып есептеледі. Жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатыны орны өте ерекше.

Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болса, ұлттық ойындарымыз арқылы баланы алғырлыққа тәрбиелейміз. Мазмұны бойынша барлық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл дидактикалық, логикалық, сюжеттік, қимылдық ойындар балабақша бүлдіршіндердің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі. Себебі, ойын-оқу, еңбек, іс-әрекеттерімен бірге балалардың өмір сүруіне маңызды бір түрі. Ойын балалар үшін айналадағыны танып-білу тәсілі болып табылады. Оның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды, тіпті, жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды.

Ойын - бала үшін нағыз өмір. Ойын әрекетінде баланың психикалық қасиеттері мен жеке басының ерекшеліктері әлдеқайда тез қалыптасады, яғни ол арқылы бала білім алады. Бала зейінін қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар бүлдіршіннің ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін сомдайды.

МАЗМҰНЫ

- БАЙНИЯЗОВА ГУЛЖАНАТ АМИРЖАНОВНА
- КОНДЫБАЕВНА АКТҰЛ АБДИХАМИТОВНА
- АМАНҚОСҚЫЗЫ БЕКЗАТ
- БЕКМУРАТОВА АЙГЕРИМ СЕРДАЛИЕВНА
- АДИЛОВА ЗУХРА УТЕГЕНОВНА
- ЖАНАЛИЕВА ЭЛЬМИРА ШИНБОЛАТОВНА
- ТУРЕБЕКОВА МИРАМГҰЛ ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ
- АБДРАМАНОВ БЕКЕН ЖАДЫРАСЫНОВИЧ
- ИБРАЙМОВА ГҰЛНҰР
- АЛПЫСБАЕВА АСЕМКУЛ АБАЕВНА
- БӨЛЕНОВА САЛТАНАТ СЕРІКҚЫЗЫ
- ҰЗАҚБАЕВА ГҰЛБАНУ АБУБӘКІРҚЫЗЫ
- АЛИБЕКОВА АҚЖАН
- ТОКТАГУЛОВА МЕРУЕРТ ДЖЕТПИСБАЙҚЫЗЫ